

Шал ақын

«Ата-ананның қадірін»

- Шал (Тілеуке) Құлекеұлы, Шал ақын (1748, бұрынғы [Көкшетау облысы Азат темір жол бекеті](#) – 1819, қазіргі [Солтүстік Қазақстан облысы](#) аумағы) — қазақтың төкпе ақыны.
- Әкесі Құлеке батыр [Абылай](#) ханның жақын серігі болған. Шалдың өлең, жырларынан өз дәуірінің өмір көріністері айқын аңғарылады. Бұлардың бәрінде дерлік жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, ынсап пен тойымсыздық, ақылдылық пен аңғалдық, ізгілік пен надандық, байлық пен кедейлік тәрізді кереғар жайттар кең қамтылып сөз болады («Ата-ананың қадірін», «Жігіт туралы», «Жігіттің өзін білем дегені», «Әйел сыны», «Қыздар туралы» тағы басқа).^[1] Шалдың енді бір алуан жырларында жас пен кәрі сипаттарынан тыс, моралдық, этикалық қатынастарда ұтымды бейнеленеді («Кәрілік туралы», «Жастықты көксегені», «Он бес деген жасым-ай», «Елу ердің жасы екен», «Жаманға дәулет бітсе ауа айналар», «Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер», «Айтайын бір аз кеңес» тағы басқа)- Шал кезінде ел өмірінде елеулі орын алған айтыс-қағыстарға қатысып отырған. Бұлардан оның ұшқыр киялды тапқырлығы мен от ауызды, орақ тілді алғырлығы да мол көрінеді («Шал мен қыз», «Бәйбіше мен Шал», «Шал мен жігіт», «Шал мен келіншектер» тағы басқа). Бір топ жырлары «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962 ж.), «Үш ғасыр жырлайды» (1965 ж.), «Алдаспан» (1971 ж.), «XV-XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982 ж.), «Бес ғасыр жырлайды» (1984 ж.) жинақтарына енді.^[2]
- Суырып салма ақындық таланты 15 жасында оны даңққа бөлеп, сол кездің өзінде халық Шал ақын ауылы (кәрі, дана) деп атаған. Оның шығармашылық таланты бүкіл Сарыарқаға кеңінен жайылды. Ақын [адамгершілік](#) үшін күресіп, қоғамдағы әділетсіздіктерді шындық тұрғысынан айтып, сынады. Оның «Шал мен дегдар қыз», «Шал мен Күлтімжан қыз», «Жігіт пен шал», «Шал мен кемпір» шағын айтыстары мен «Ата-ананың қадірін», «Жігіт туралы», «Жігіттің өзін білем дегені», «Әйел сыны», «Қыздар туралы» және басқа өлеңдері сақталған. Шал ақынның көптеген шығармалары, соның ішінде тарихи аңыздар мен әңгімелерге бай қазақ халқының шығу тегі жөніндегі эпикалық шығармасы сақталмаған. Шал ақынның белгілі өлеңдері 20 ғасырдың бо-жылдарынан бастап баспа бетінде жарық көрді, жеке шығармалары орыс тіліне аударылды.^[3] Есімі Солтүстік Қазақстан облысының аудандарының біріне берілген.

Шал ақын



- Туылған кезде қойылған аты Тілеуке, кейін оны Шал деп атап кеткен. Бала кезінде тапқыр, зерек, ойға жүйрік, алғыр болған, ақылды қариялардың әңгімелерін сүйіп тыңдаумен қатар, оңай есте сақтап отырған. Сол үшін де оны замандастары мен жеңгелері қалжындап, «көпті көрген қария» деп ат қойған.

Әкесі Күлеке атақты батыр болған, анасы үйсін тайпасынан шыққан атақты Төлебидің қызы. Күлеке батыр жайлы нақты тарихи мәліметтер сақталған. Оның есімі орыстың ресми құжаттарында жиі кездеседі. Халық аузында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда, Шал ақын Есіл жағалауына бала кезінде келіп, Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданы аумағында өмір сүрген, 15 жасынан бастап поэзия өнеріне бейімділігінен, сол замандағы ақындардың шығармалары мен ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын танытады. Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша, Шал ақын қазақ халқының шығу тегі, тайпалары, хандар генеологиясы туралы мәліметтер жинап, соның негізінде тамаша эпос жазады. Үнемсіздігі мен епсіздігінен, жинақылығының жоқтылығынан Шал ақын әкесі қалдырып кеткен байлықты сақтап қала алмаған. Кедейшіліктің ауыр тұрмысын бастан кешірген кезде байлардан көмек сұрамаған. Жағымпаздық пен жалпақтауды жек көрген, тағдырдың барлық сынақтарынан абыроймен өткен. Шал ақынның мұралары бізге толық жетпеген, жеткендердің өзі бір жарым мың жол ғана. Өлеңдері тақырыбы бойынша әр түрлі: жақсылық пен жамандық, жомарттық пен дүниеқорлық, ақындық пен надандық, кедейлік пен байлық.

- Ақынның көп жырлаған тақырыбы – кедейлік. Өзі кедей болған соң ба, әлде ақындық білгірлік, танығыштықтың әсері ме, әйтеуір осы мәселе қазақ поэзиясында тұңғыш рет Шал өнерінде жеке тақырып дәрежесіне көтеріле сөз болады.

Ақын кедейден гөрі, кедейлікке көбірек назар аударып, шама келсе, одан алдын-ала қашуды, қайткенде оны болдырмауды насихаттайды. Кедейліктің табиғатын жақсы танып, бағалаған ақын одан құтылудың бірден-бір жолы ретінде еріншектікке бой алдырмауды, демек, еңбек етуді ұсынады. Арагідік ол кедейлерді жалдап күн көретін байлардың еріншектігін де сынайды. Бірақ осы өрдегі сынның салмақты жағы кедейдің үлесіне тиеді.

Оның лирикалық шығармалары философиялық тереңдігімен және адалдығымен баурап алады. Оның шығармаларында діни тақырып ерекше орын алған. Ол заманының жоғары білімді адамы болған. Ақын адамдардың өмірден өз орнын таба білуі, өз міндетін түсіне білуі, жақсылық жасай білуі, т.б. көптеген жайттар адамдардың өзіне байланысты екенін айтқан.

- *Ата — ананың қадірін*
- Ата — ананың қадірін
- Балалы болғанда білерсің.
- Ағайынның қадірін
- Жжалалы болғанда білерсің.
- Дәулетіңнің қадірін
- Мал кеткенде білерсін.
- Маңдайдағы дұшпанды
- Тап жеткенде білерсін

